

Қытай ғылымдар академиясының президенті ҚазАТУ ұжымымен кездесті

24 қараша 2015 жылы С.Сейфуллин Қазақ агротехникалық университетінде президент, академик Бай Чунли мырза бастаған Қытай ғылымдар академиясы (әрі қарай – ҚҒА) делегаттарының университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттерімен кездесті.

Кездесу нәтижесі бойынша хаттамаға қол қойылды, оған сәйкес келесі жылдан бастап ҚазАТУ ШЭГИ бірлесіп ботаника бағын салады. Сонымен қатар, 2016 жылы ШЭГИ тарапынан университетіміздің профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушыларына топырақтану, қоршаған ортаны қорғау, ГИС-технологиялары, табиғи қорларды тұрақты басқару және т.б. бағыттар бойынша докторантурада білім алуға 10 грант бөлінеді. Сонымен қатар, ҚҒА қолдауымен 2020 жылға дейін жүзеге асырылатын келешегі зор ғылыми жобалар тізімі тараптармен 2016 жылдың аяғына дейін құрастырылады. Ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап біздің университет ҚҒА-ның Шынжаң экология және география институтымен Қазақстан Республикасының құрғақ далалық аймағындағы құрғақшылыққа және тұздылыққа төзімді ағашты-бұталы өсімдіктердің интродукциясы бойынша бірлесе қызмет етеді. Қол жеткізген нәтижелерді Астанадағы «жасыл белбеуді» кеңейту шеңберінде пайдалану жоспарлануда. Жоба аясында Ақмола облысы Целиноград районындағы ҚазАТУ жаңа ғылыми-тәжірибелік кампусы негізінде ботаникалық бақша салынып, көлемі 200 гектар «Достық саябағы» құрылады.



